

DOI 10.54596/2958-0048-2023-2-155-160

ӘОЖ 81.373

ҒТАМА 61.21.47

## ТҰРМЫСТЫҚ СИПАТТА ТАҢБАЛАНҒАН ЛЕКСИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ НЕГІЗІ

Синбаева Г.К.<sup>1\*</sup>, Акпанова Г.К.<sup>1</sup>

<sup>1\*</sup>КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»,

Петропавл, Қазақстан Республикасы

\*E-mail: gsinbaeva@mail.ru

### Аңдатпа

Бұл мақалада адамның күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттарының, бұйым атауларының тұрмыспен тікелей байланыстылығы қарастырылып, ғалымдар пікірі сараланады, тұрмыстық лексика атауларының лексикалық типтері, үлгілері, жасалу жолдары көрсетіліп, семантикалық кеңістіктегі лингвистикалық бірліктер ретіндегі мәні, лексикалық жүйесі, тілдік қолданыстағы қызметі анықталады. Ұлттық таным тұрғысынан ошақ сөзіне түсінік беріледі.

**Түйінді сөздер:** сөздің семантикалық аспектісі, тіл, таңба, тұрмыстық лексика, тұрмыс дәрежесі, дәстүрлі колөнері, тұрмыстық қолданыстағы сөздер, тұрмыстық атаулар, семантикалық кеңістік, ұлттық таным.

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ОСНОВА МАРКИРОВАННОЙ ЛЕКСИКИ БЫТОВОГО ХАРАКТЕРА

Синбаева Г.К.<sup>1\*</sup>, Акпанова Г.К.<sup>1</sup>

<sup>1\*</sup>НАО "Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева",

Петропавловск, Республика Казахстан

\*E-mail: gsinbaeva@mail.ru

### Аннотация

В данной статье рассматривается непосредственная связь предметов, наименований изделий, используемых человеком в быту, с бытом, ранжируется мнение ученых, указываются лексические типы, модели, способы создания наименований бытовой лексики, определяется сущность, лексическая система, функция языкового функционирования как лингвистических единиц в семантическом пространстве. С точки зрения национального познания дается толкование слова очаг.

**Ключевые слова:** семантический аспект слова, язык, символ, бытовая лексика, бытовая степень, традиционные ремесла, слова бытового употребления, бытовые названия, смысловое пространство, национальное познание.

## THE NATIONAL BASIS OF MARKED VOCABULARY OF A DOMESTIC NATURE

Isinbayeva G.K.<sup>1\*</sup>, Akpanova G.K.<sup>1</sup>

<sup>1\*</sup>NAO "North Kazakhstan University named after M. Kozybayev",

Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan

\*E-mail: gsinbaeva@mail.ru

### Abstract

In this article, the direct relationship of the names of objects, products used by a person in everyday life with everyday life is considered, the opinion of scientists is differentiated, lexical types, patterns, ways of creation of household vocabulary names are shown, the essence, lexical system, linguistic functioning as linguistic units in the semantic space is determined. From the point of view of national knowledge, the word hearth is interpreted.

**Keywords:** semantic aspect of the word, language, character, household vocabulary, degree of living, traditional crafts, words of household use, household names, semantic space, National cognition.

### **Кіріспе**

Кез келген халықтың лексикасын зерттеу аса өзекті мәселелердің бірі. Әрбір халықтың мәдени және әдеби ерекшеліктері оның тілдік деңгейі арқылы көрініс береді. Яғни, жекелей ұлттың тілін зерттеу арқылы оның дүниетанымы, психологиялық көзқарасы, ұлттық мәдениетінен хабар аламыз. Міне, сондықтан да әрбір ұлттың ұлттық құндылықтарына сәйкес тілдік деңгейі де анықталады.

Тілдің ұлттық қарым-қатынас кезіндегі маңызды құрал екенін ескеретін болсақ, оның қаншалықты дәлелдеуді қажет ететіндігі – шынайылыққа негізделеді. Тіл тарихы, ұлт тарихы сынды дүниелер – этностың, жалпы әлемнің даму жолын, құпия сырларын ашуға септігін тигізеді. Дәл мұндай ұлттық қазынаны – психология мен этнография сынды ғылымдардың жетекші сұрақтары басшылыққа алынады.

Кез келген халықтың рухани болмысы, танымдық деңгейі оның тілінде жасырынады. Қаншама тарихи кезеңдерді басынан кешсе де, оның түп тамыры күнделікті өмірдегі тұрмыс-тіршілігіндегі ұстанған заттары мен мәдени құндылықтары арқылы сабақтасып жатады. Академик Ә. Қайдар сөз етіп кеткен «тіл әлемі» болмаса «тіл феномені» атты ұғымдар ұлттың өзін-өзі тану және өзге тану аспектілерінде қаралады. Дәл осы ұғымның ауқымына тіл – мәдениет – таным сынды 3 категория жатады.

Бұл тұжырымға сәйкес, тіл білімі ғылымында тілді қарым-қатынас құралы ретінде қабылдап, оның танымдық қызметін, мәдени өрісін айрықша аша түсу ондағы басты қағида. Сезім, парасат, саналы ой – адам бойындағы ең ерекше құндылық болса, оны қоршаған орта құштарлығында таныту дүниедегі заттар мен құбылыстардың бейнесін қабылдап, ақпарат жинау арқылы туындайды. Сондықтан да, таным – құбылыстар мен заттардың сыртқы орта әсерінен бейнеленуінің қайшылыққа толы күресі.

### **Зерттеу әдістері**

Тіл, халықтың сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін ұлттық психологиясы мен мәдениетінің көрінісі. Себебі, тіл жалпы әлемнің құрастырушысы, оған үңілмей өмір сүре алмайды. Бұл мәселелерді В. Гумбольдт тілдің антропологиялық мәселелері төңірегінде қарастырып, оның өзгешелігін рухани болмысынан ажырататындығын түсіндіреді.

### **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеушілер ерекше ұлттық сипатқа ие тілдік ұжымдық дүниетанымдық көзқарастарға емес, ойлау қабілетіне мән берген жөн екендігін алға тартады. Сан түрлі зерттеу еңбектерінде, жалпыхалықтық лингвомәдени түсініктеме жүйелері жатыр. Адамдардың қызметі, магистралдық бағыттары, қоршаған ортаның қабылдау механизмінің тұтастығы қарастырылады.

Сөздердің лексикалық семантикасын зерттеуші ғалымдар мәдениет пен тілдің жақын тұстарын бір арнаға ұштастырды. Олар тілдің семантикалық жүйесін жеке элементтері арқылы сәйкестендіріп, қоғамның этномәдени ұлттық ақпараттардан тұратындығын айтты.

Сөздің семантикалық аспектісін ұлттық-мәдени негізде зерттеушілер В.Г. Костомаров пен Е.М. Верещагин тіл біліміне «лингвоелтану» ғылымын алып келді. Ал, ағылшын тілінде Г.Д. Томахин орыс тілі материалдарының негізінде ғылымның жалғасын тапты.

Қазақ халқының мәдени мұрасы археолог, этнограф, тарихшы, тілші және әжебиеттанушы ғалымдар тарапынан ұзақ уақыт бойы зерттеліп келеді. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, әдебиетіміз бен мәдениетіміз ғылыми сүзгіден өтіп, рухани және материалдық құндылықтарымыз қайтадан жаңғырды. Кез келген халықтың тұтас

мәдениетін игеріп, танып білуде, бүгінгі күннің тигізер әсері мол. Ұлттық әдебиетіміз бен оның ерекшеліктері жайлы аса қажетті деректерді тіл арқылы анықтаймыз.

Тіл – тек қана қарым-қатынас үшін қолданылмайды. Ол жалпы адамзат болмысын, мәдени және әдеби көрсеткішінен де тысқары өмір сүре алмайтын таңбалаушы фактор. Адам баласының барлық өмірі таңбадан тұрады. Болмысының өзі тілдік әрі таңбалық. Яғни, адам бір уақытта таңбалайды, талдайды және тудырады. Нақтырақ айтқанда, дәл қазіргі қоғамға тіл, таңба мәселесіне және оның мәдени ортаға әсерінен туындайды. Яғни, тіл тек қана денотативті (сигнал, белгі) емес, коммуникация, коннотативті (идеологиялық, әлеуметтік, мәдени) құрал болып есептеледі. Себебі, кез келген тілде сол халықтың өмірі, тіршілігі, болмысы, жалпы тұтас тарихы өмір сүреді.

Десек те, осы арада ескеретін жайт – шығыс көшпенділер мәдениетінің түсінігі табиғат үйлесімділігіне әсер етеді. Батыс мәдениетінде ғарыш және табиғат әрекеттес бірліктер ретінде танылып, ол адам соның басты бөлшегі болып саналады.

Әрбір ұлттың айналадағы табиғатты танып білуі, рухани сана мен болмыс-білімді сол халықтың тілімен тікелей байланысты. Осыған сәйкес ұлттық көзқарастың тілдің аса ерекше құрылымдарынан, сөздік қорынан, лексикалық көріністерін байқалуы заңды құбылыс. Міне, сол себепті тілді тек коммуникативтік тұрғыдан ғана емес, когнитивті лингвистика төңірегінде зерделеген абзал. Яғни, тілдің кумулятивтік қызметі негізінде қарастыру тіл білімінің жаңа бағыттарын аша түспек.

Рухани мұраның негізінде туындаған әуен, сурет, сөз, әшекей, ою, мүсіндеу т.б. туындылардың алатын орны ерекше. Аталғандардың барлығы дерлік халықтың қажеттілігі негізінде туындаған түсініктер.

Тұрмыстық жағдай мен ондағы салт-дәстүр, мінез-құлық т.б. рухани құндылықтар аса терең түсінік қалыптастырады. Мұндағы, тұрмыс дәрежесі дегеніміз – халықтың әлеуметтік және рухани қажеттіліктерін саяси түсініктен тыс, адамдардың тұрмыстық (үй заттары, бұйымдары, еңбекке қажетті құралдар) игіліктері немесе материалдық мәдениет. Осының әсерінен қазақ ұлттық мәдениетінің сипаты халықтық қолөнермен байланысы терең.

Ұлтымыздың дәстүрлі қолөнері – сарқылмайтын қазына, мол мұра. Әсемдік әрі зергерлік бұйымдардан бастап, күнделікті өмірге қажетті дүниелер де әртүрлі технологиялық үлгілерді іске асыра отырып, соның әсерінен эстетикалық талғам тудырып отыр. Мәдениетіміз бен әдебиетіміздің танымдық, тәрбиелік қызметін арттыруда. Өйткені, ұлттың тұрмыстық іс-әрекеті, дүниетанымы, ерте замандардан бері дәстүр жалғастығы екенін танытуда.

Бүгінгі лингвистикадағы, дәлірек айтқанда лексикадағы ерекше мәселенің бірі – тұрмыстық лексика екені мәлім. Яғни, ғылыми тұрғыдан оны нақтылап, шегі мен көлемін анықтап алған жөн. Бұл термин аясында адамның күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттарының, бұйым атауларының тұрмыспен тікелей байланыста болуы. Олар үй шаруашылығына, үй жағдаятына қатысты сөздер болуы мүмкін.

Ә. Хасеновтың еңбегінде: «Тұрмыстық лексика – қарапайым өмірде өте жиі қолданылатын, қажетті сөздер. Олар, негізінен ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен бірге астасып жатады. Себебі, олар – халық өмірінің айнасы» [1; 29], – деп анықтама береді.

«Тіл білімі терминдерінің сөздігінде»: «Тұрмыстық сөздер – күнделікті тұрмыста қолданылады. Олар: ас, төсек, шам, терезе, белбеу, тұз...» [2; 233], – деп көрсетеді.

Сонымен, ғалымдар мен зерттеушілердің дәл мұндай топтастыруларының негізінде, тұрмыстық қолданыстағы сөздер ғылыми тұрғыдан талдауға басымдық

беруде. Жалпы тұрмыстық лексика деп атасақ та, өзіндік ерекшеліктері де қалыс қалмайды.

Әрбір этникалық топ өзінің стереотиптерін жинақтап шығарса да, сол арқылы тұрмысқа қажетті деп танылған ыдыс-аяқ пен киім-кешек атаулары ежелден-ақ белгілі. Формасы мен түрі әрдайым өзгерсе де, атауы жиі қайталана береді. Мысалы, бұйымның атаулары ағылшын және қазақ халқының күнделікті өмір сүру материалдарын игеру негізінде қалыптасады. Оның да ережелері сақталады. Себебі, ата-бабамыз тұрмыстық ретте қолданатын заттардың барлығын өмір сүру жағдайларына сәйкес лайықты деңгейде иегріп отырған.

Қай уақытта болсын әртүрлі саладағы құбылыстардың барлығы да тілдің сөздік қорына тікелей әсер етіп, оқиғаларға байланысты сөздерді ерекшелеп отырады. Сол себепті, әр ұлттың өз мәдениеті мен тұрмысы, рухани және материалдық қазынасының айнасы саналатын тілдің сөздік қорының элементтерін, ондағы ауыс-түйіс өзгерістерді жан-жақты зерттеп, теориялық және практикалық мәнін ашады.

Сөздік құрам ұдайы қозғалыс, өзгеріс үстінде болады. Ал, өмірде шеттен келген бөтен сөз жоқ «таза тіл» ешқашан болған емес және болмайды да. Десек те, әлемдегі сан мыңдаған тілдердің сөздік құрамы сол тілдердің өзіне ғана тән лексикалық элементтері болып саналады. Талай-талай тарихи құбылыстарды басынан өткерген халқымыздың тілдік құрамы 2 деңгейден тұрады:

- Біріншісі – халқымыздың төл сөздері;
- Екіншісі – өзге тілден сіңісіп, өзге тілден енген сөздер [3; 22].

Жалпы XIX ғасырдағы қолданылған ұлттық киім атауларын мынадай топтарға бөлуге болады. Халқымыздың күнделікті қолданыстағы киімдерін 4 топқа бөліп, қарастырамыз.

1 кесте

<i>Іштік киімдер</i>	<i>Сырттық киімдер</i>	<i>Сулық киімдер</i>	<i>Бір киер киімдер</i>
<i>Көйлек, дамбал, қамзол, кәзекей.</i>	<i>Шапан, шиделі, тон, шапан.</i>	<i>Қаптал, шекпен, брезент, кенеп, сырттық, кебенек.</i>	<i>Бұл типтегі киім түрлеріне өте бағалы, қымбат маталардан әшекейлен, түрлі ою-өрнектермен безендірілген сәндік киімдер жатады.</i>

Сонымен қатар, тіліміздегі бірқатар ыдыс-аяқ атаулары да орыс тілінен енген. Олар қазақ тілінің грамматикалық, фонетикалық нормаларына сай өзінің тілдік тұлғасын өзгертті. Кеңес өкіметі тұсында ұлттардың барлығы дерлік интернационалист ұғымдағы сөздерді орыс тілі арқылы қабылдап, түсінді.

Қазақ тілінің тұрмыстық лексикасына енген сөздердің бірқатары грек, араб, парсы, латын және француз тілдерінен енген сөздер, тіліміздегі жанұя және туыстық қатынасқа қатысты сөздердің көпшілігі ұлттық тіл өрнегіндегі сөздер. Ал, күнделікті өмірде ұсақ-түйек бұйымдардың атаулары парсы-араб тілдерінен енген сөздер.

- Парсы тілінен енген тұрмыстық лексика атаулары: абдәсте – қол құман, қол құман; дәстархан – дастарқан; майшолпы – тесік ожау, ожау; ләгән – леген, шылапшын т.б.

Мұндағы ыдыс-аяқ атаулары күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттық атаулар. Олар атауы мен қолданылу ретіне сәйкес ыңғайлы, көшіп-қонуға, тасымалдауға

сәйкес болуы тиіс деген мақсатта сүйектен, теріден кейде тіпті жүннен де жасалатын болған. Яғни, тұрмыстық зат атауларының пайда болуына, ол заттың жасалған материалының да әсері болған.

Мысалы: көнек, мес, қауға, торсық, саба т.б. сөздер қазіргі уақытта қолданыста мүлдем кездеспейді. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігі өзгерген сайын, ондағы қолданылатын заттардың атаулары да өзіндік өзгеріске түсті. Кейбіреуі тіпті, көнерген атаулардың қатарына ілікті.

Ал, бүгінгі таңда жиі қолданыста болатын тұрмыстық атаулардың қатарына бокал, кружка, поднос, шайнек, самаурын, тарелка т.б. жатады. Бұл тұрмыстық атаулардың барлығы тілімізге өзге тілдің әсерінен еніп, қазіргі кезде тіліміздің ажырамас бөлігіне айналған. Десек те, ағылшын тіліндегі ыдыс-аяқ атауларының басым көпшілігі неміс, француз тілдерінің негізінде қалыптасқан. Сол себепті, тұрмыстық лексиканың басты бөлшегіне айналған ыдыс-аяқ атауларының бастапқы негізіне тоқталуды жөн көрдік.

Мысалы, «ошақ» – тамақ дайындауға арналған қасиетті, киелі тұрмыстық атрибут. Оны аса киелі ыдыс деп санаймыз. Кейде, өзге біреуді құрметтеу мақсатында, үлгі көрсету ишарасында «ошағын көрсету» атты тіркесті қолданамыз. Яғни, үйін, шаңырағын көрсетіп, дәм таттыру дегенді білдіреді.

Ұлттық түсінікте ошақтың 3 түрі қалыптасқан. Олар:

- Темір ошақ – дөңгелек тәрізді қазанның түбін көтеріп тұратын, үшбұрышты үш бұтадан жасалған ошақ түрі. Мұндай типтегі ошақтарды ат арқандайтын болған;
  - Жер ошақ – жерден екі, үш, төрт бұрыштап қазық қағылып жасалатын ошық түрі;
  - Тас ошақ – көшіп-қонған кезде астына тасты қашап жасай салатын ошақ түрі.
- Үлкен ас болмаса бас қосу кезінде асты әзірлемес бұрын аспаздардың арнайы өткізілетін ғұрпы «жер ошақ майлау» деп аталады.

Жоғарыда аталған түсініктерге сәйкес, халқымыз үшін ең құнды тұрмыстық зат атауы – ол қазан екені мәлім. Халқымыздың ақ дастарханына түсетін сан түрлі тағамдардың барлығы да осы қазан арқылы жасалатын болған. Сондықтан да, халқымыз оны жай ғана қазан деп емес, «қара қазан» деп атайтын болған. Мұндағы «қара» деген сөздің өзі – қасиетті, киелі, ырыс-несібелі деген түсінікке ие. Ұлттық таным-түсінігімізге сәйкес ол – молшылықтың, ырыс пен берекенің атауы.

Қанша уақыт өтсе де, халқымыздың мәдениетіне, тіліне, тұрмыс-тіршілігіне ауқымды өзгерістер әкелген орыс тілінің ыдыс-аяқ атаулары тілімізге сіңісіп те үлгерді. Тұрмыстық-қарапайым лексиканың біраз бөлігі орыс тілі арқылы еніп, қазіргі күнге дейін сол тілге тән белгілерімен бірге қолданылып келеді. Себебі, бүгінгі таңда көпшілігіміз ыдыс-аяқ атауларының біраз бөлігін сол тілде, ешқандай аудармасыз қолданып келеміз. Мәселен:

«Тарелка» деген ыдыс-аяқ атауы шығу тегін жағынан әлдеқайда ерте қалыптасқан. Ғалымдардың болжауынша, орыс тіліндегі «тарелка» сөзі негізінен немістің «талер» деген түбір сөзінің әсерінен пайда болған. XVI ғасырдың өзінде «тарелканы»: талера, торел, тарель деп атағаны тарихтан белгілі. Алғашқы тарелкалар Францияда пайдаланыла бастаған. Олардың сыртқы көлемі, қазіргі тарелкалардан әлдеқайда өзгеше болған. «Тарелка» ыдыс атауының пайда болуы – әрбір адам тағамды өз алдынан жесін деген түсініктен туындаған. Соның әсерінен де болар, ұлттық танымдық деңгейіміздің өрісі кеңейіп, эстетикалық дәстүр арта түсті.

### Қорытынды

Сонымен, қорытындылай келгенде, семантикалық кеңістікте кез келген аталым бірліктері заттық ұғымды таңбалап қана қоймайды. Керісінше, оның лингвистикалық

бірліктер ретіндегі мәнін, лексикалық жүйесін, тілдік қолданыстағы қызметін анықтауға тырысады. Осы айтылғандардың негізінде, тұрмыстық лексика атауларының лексикалық типтері, үлгілері, жасалу жолдары анықталды. Қанша уақыт өтсе де, ұлттық ой-өрісіміздің жоғарылауы дәл осы күнделікті тұрмыстық қолданыстағы заттардың алма кезек қолданылуының негізінде жана атаулар туындап отырады.

**Әдебиет:**

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Атамұра, 1998. – 364 б.
2. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Дайк Пресс, 2008. – 968 б.

3. Қ

а

л

**References:**

1. Khasenov A. Linguistics. - Almaty: Atamura, 1998. – 364 b.
2. Zhanuzakov T. Explanatory Dictionary of the Kazakh language. - Almaty: Dyke Press, 2008. – 968 b.
3. Kaliyev G., Bolganbaev A. lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. - Almaty: School, 2006. – 264 b.

.

,

Б

о

л

ғ

а

н

б

а

е

в

Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Мектеп, 2006. – 264 б.